

К.Т. Ильясов*, Д.К. Рустембекова

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: kulager2009@rambler.ru, dinara_226@mail.ru Scopus ID: 56027909500)*

Қазақстан Республикасындағы діни сенім бостандығының конституциялық-құқықтық негіздері

Мақаланың мақсаты — жеке тұлғаның діни сенім бостандығының конституциялық-құқықтық негіздеріне талдау жасау, Қазақстан Республикасында қабылданған ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететін ұлттық құқықтық нормалар мен халықаралық құқықтық нормаларды салыстыра отырып, жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін шешу жолдарын табу. Авторлар жеке тұлғаның сенім бостандығы мен ұлттық мүддені сақтаудың мәселесін зерттеу арқылы қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ететін нормаларды ұсынған. Зерттеудің тарихи, салыстырмалы тәсілдерін қолдана отырып көтерген мәселе бойынша адам құқықтарын сақтаудың жолдары жан-жақты талқыланды. Жалпы алғанда, дін өте күрделі құбылыс және ол қоғамның барлық саласына өз әсерін тигізеді, сондықтан дін мәселесін, әсіресе адамның жеке діни сенім мәселесін қарастырған кезде ұлттық мүдде, қауіпсіздік мәселелері назардан тыс қалмауы және қабылданатын нормалар осы мәселені ескеруі тиіс. Қазіргі уақытта жаһанда дәуірі жүріп жатыр және соған сәйкес халықаралық діни экстремизм мен терроризмнің қаупі артып келеді, осы тұста елімізге қауіпті діни ағымдардың келмеуін қамтамасыз ету ұлттық қауіпсіздіктің ең бір өзекті мәселесі болып қала бермек.

Кілт сөздер: діни сенім бостандығы, адам құқықтары, ұлттық қауіпсіздік, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырып, әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылуға бағыт алғандықтан, мемлекет үшін өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуі ең өзекті мәселе болып отыр. Адамның еркін өмір сүруіне, оның материалдық және рухани қажеттіліктерін өтеуі үшін мемлекет барлық жағдайды жасауы қажет және бұл міндетті ол Қазақстан Республикасының Конституциясында өз мойнына алған болатын. Яғни Конституцияның 1-бабында былай делінген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [1]. Осы бапта адам құқықтарын қамтамасыз етудің ең басты қағидалары бекітіліп, Қазақстанның ұстанған негізгі бағыты айқындалған болатын.

Діни сенім бостандығы — бұл демократиялық қоғамның тұрақтылығы мен дамуының басты шарты және адамның құқықтары мен бостандықтары жүйесінің негізгі элементтерінің бірі. Діни сенім бостандығы мәселесі көпконфессиялы мемлекет Қазақстан үшін қауіпсіздік пен дамудың ең бір қажетті алғышарты болып табылады. Сондықтан Қазақстан дін саласында демократиялық негіздерді бекіту жолында үнемі заңнамаларды дамытып, халықаралық құқықтық нормалардың стандарттарын енгізуде. Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабында «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар» [1] деп анық көрсетілген және ар-ождан бостандығы — бұл жеке адамның ажырамас абсолюттік құқығы болып табылады және ешбір жағдайларда шектеулерге жатпайдығын бекіткен. Діни сенім бостандығының маңыздылығы халықаралық тәжірибеде де танылған. 1948 жылы БҰҰ қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 18-бабында «Әркімнің ойлау, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар» деп көрсетілген. Ал декларацияның 29-бабында тек қана басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісінше тануды және құрметтеуді қамтамасыз ету және демократиялық қоғамдағы адамгершілік, қоғамдық тәртіп пен жалпы әл-ауқат талаптарын қанағаттандыру мақсатында белгіленген адам құқықтары мен бостандықтарын шектеулерге ғана жол беріледі деп көрсеткен [2].

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kulager2009@rambler.ru

Қазақстанда тәулсіз алған уақыттан бері конфессияаралық тұрғыдағы келіспеушіліктердің болмауы еліміздің дін саласындағы ұстанып отырған саясатының бағыты дұрыс екендігін көрсетеді. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, демократиялық діни заңнамада іске асырылған діни сенім бостандығы қағидатын дәріптеу — белгілі бір деңгейде елімізде дін атын жамылған экстремизм мен терроризмнің еніп кетуі, халықтың дәстүрлі құндылықтарының бұзылуы мен кейбір азаматтардың жат ағымдарға қосылып, террористік ұйымдарға ілесіп кетуі сияқты жағдайлардың себебіне айналды. Мұндай жағдай 2011 жылдың қазан айында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа Заңның қабылдануына себеп болды. Заңда [3] мемлекеттің зайырлы қоғам қағидаларын сақтай отырып, елдің тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау және ұлт мүддесін қорғауға бағытталған нормалар қабылданды. Сондықтан да заңның преамбуласында Қазақстан тарихында ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлі айрықша көрсетілген. Бұл Қазақстанның зайырлы мемлекет бола тұрса да, стратегиялық маңызды бұл саланың өзекті мәселелерін шешуден бойын аулақ ұстай алмайтын елдің діни саясатында белгілі бір басымдықтарды белгілеу мақсатында жасалды. Дінтанушылардың пікірінше, дәстүрлі болып саналатын ислам мен православ діндеріндегі догматизмдегі барлық айырмашылықтарға қарамастан, әлеуметтік-саяси аспектіде, олардың мемлекет институтына деген қарым-қатынаста ұқсастығы байланыстырады.

Біздің ойымызша, мемлекеттің дінге қатысты саясаты ар-ождан бостандығының конституциялық қағидаттарын және заң алдындағы барлық діни сенімдердің теңдігін іске асыруды қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, ұлттың тарихи-мәдени мұрасын, оның дәстүрлі рухани құндылықтарын сақтау мен дамытумен тығыз байланыстыру қажет.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында дін саласындағы заңнамалардың дамуына тарихи теориялық әдіс қолдану арқылы түрлі ғылыми әдебиеттерге талдау жасалды. Діни сенім бостандығын қорғауға бағытталған құқықтық нормаларға түсінік беру тәсілдеріне тоқталып, тарихи деректер талданды. Діни сенім бостандығы мәселелерін зерттеп жүрген бірқатар ғалымдардың теориялық көзқарастары мен жалпыға танылған құқықтық теориялардағы тұжырымдар қарастырылды. Құқыққа түсінік беру тәсілдерін жеке-жеке талдау мақсатында дін саласын реттейтін құқықтың негізгі қайнар көзі — діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы заң мен адам құқықтары туралы халықаралық нормаларға сілтеме жасалды.

Нәтижелер

Мемлекет пен діни бірлестіктер және дін мен құқық адамзат тарихында өте күрделі қарым қатынастарды бастан кешірді. Дін мен құқық өзге де функцияларымен қатар адамның іс-әрекетін тәртіпке келтіретін қызмет атқарса, діни бірлестіктер мен мемлекет қоғамды ұйымдастырумен айналысады. Сондықтан мемлекет институттары мен діни институттардың жүйесі бір-біріне өте ұқсас болып келеді және көптеген елдердің құқықтық жүйесі діни негіздерде қалыптасқан. Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде секуляризация процесі қарқынды түрде жүруде. Ал кейбір елдерде, әсіресе посткеңестік мемлекеттерде ұзақ жылдар бойы жүргізілген мемлекетті діннен арылту, атеистік насихатқа қарамастан діннің қайтадан қоғам өміріне әсері ұлғаюда. Бұл кереғар екі процесс дін мәселесінің түбірі тереңде, әрі қоғам санасынан бұл ұғымды жоюдың мүмкін еместігін көрсетеді. Діни бірлестіктер заманауи қоғамның әлеуметтік құрылымының ажырамас бір бөлігі. Діни негізде құрылған ұйымдар барлық мемлекеттерде бар және олар сол мемлекеттің тарихына, мәдениетіне, қоғамдық құрылысына тікелей әсер етеді. Тіпті дінді қауіпті элемент ретінде қарастырып, оның мүшелерін қуғынға ұшыратқан мемлекеттердің өзінде діни ұйымдар қызмет етеді.

Діни сенім бостандығының теориялық-құқықтық негіздерін зерттеу осы бостандықты іске асыру тұрғысынан жеке тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесінің негіздерін, оның басқа конституциялық құқықтар мен бостандықтармен, міндеттермен өзара әрекеттесу ерекшеліктерін, тұтастай алғанда құқық жүйесіне әсерін талдауды қамтиды. Құқықтық мәртебе — адамның қоғаммен, мемлекетпен, ұжыммен, айналасындағы адамдармен байланысының барлық кешенін көрсететін күрделі, жинақтық категория. Осы байланыстардың қалыптасуына дін өзіндік із қалдырады. У.К. Дьюремнің пікірі бойынша, ол «әлеуметтік құрылымдар мен құндылықтарға айтарлықтай әсер етеді» және «қоғамның бөліктері мен бүкіл қоғам арасындағы құрылымдық байланыстардың терең мәтінінде» [4] қарастырылады. Дін бостандығын жүзеге асыратын адам қоғаммен, мемлекетпен және басқа адамдармен қарым-қатынастың белсенді субъектісіне айналады.

Жеке тұлғаның құқықтық жағдайының құрылымдық элементтері құқықтық құбылыстар болып табылады, олардың көмегімен «заң шығарушы қоғамдық қатынастар жүйесіндегі жеке тұлғаның құқықтық жағдайын белгілейді». Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізі конституцияда және басқа да маңызды заңнамалық актілерде бекітілген жеке тұлғаның құқықтары, бостандықтары, міндеттері мен заңды мүдделері болып табылады. Атап айтқанда, ҚР Конституциясының 2-тарауында қарастырылған адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен міндеттері жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізін құрайды деген ереже бар.

Жеке тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесімен азаматтық, құқықтық субъектілік сияқты барлық басқа құқықтық құбылыстар байланысты. Діни сенім бостандығын жеке адамның конституциялық-құқықтық мәртебесінің құрылымдық элементтері тұрғысынан қарау діни сенім бостандығының маңызды ерекшеліктерін және оны іске асыру механизмін тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Конституциялық-құқықтық қатынастардың ерекшелігі конституциялық нормалардың ерекшеліктерінен тұрады, олар әдетте жеке оқшауланып емес, байлам немесе блок құрамында, көп сатылы бөлік ретінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты конституциялық және басқа да құқықтық қатынастардың күрделі араласуы орын алады. ҚР Конституциясының 22-бабына сәйкес мемлекет әркімнің діни сенім бостандығына кепілдік беру міндеттемесін қабылдаған кезде мемлекет пен азаматтар арасында конституциялық-құқықтық қатынастар қалыптасады. Азамат осы бостандыққа және оған енгізілген өкілеттіктерге иелік етуге құқылы. Алайда бірқатар құқықтарды жүзеге асыру үшін (мысалы, діни нанымдарды тарату және оларға сәйкес әрекет ету құқығы) салалық деңгейде конституциялық-құқықтық қатынастарды жалғастыру, дамыту қажет. Атап айтқанда, бұл діни тәрбие мен білім беру, діни бірлестіктерді құру, олардың құқықтары мен діни ұйымдар қызметінің жағдайларын регламенттеу мәселелеріне қатысты.

Құқықтық субъектілік адамның діни сенім бостандығын тасымалдаушысы болу қабілеті ретінде құқық қабілеттілігі, әрекет қабілеттілігі және деликтіге қабілеттілік сияқты заңды тұлғаның құрылымдық элементтері арқылы анықталады. Құқық қабілеттілігі жеке адамның құқыққа, бостандыққа ие болу және міндеттерді атқару қабілеті ретінде барлық азаматтарға тиесілі және ол туылған кезде пайда болып, қайтыс болғанда тоқтатылады.

Адамның өз іс-әрекеттерімен құқықтарға ие болу және оларды жүзеге асыру, өзі үшін міндеттер құру және оларды орындау қабілеті (әрекет қабілеттілігі), әдетте, белгілі бір жасқа байланысты болады. Мысалы, діни нанымдарды ұстану құқығы туғаннан бастап тиесілі, кәмелет жасына толғанға дейін «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» заңға сәйкес ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың келісімінсіз дінді оқуға құқығы жоқ. Өзінің діни сенімдеріне сәйкес әрекет ете отырып, адам белгілі бір дәрежеде әрекетке қабілеттілік көлеміне әсер ете алады, мысалы, діни қызметкер болу немесе бірқатар құқықтардан бас тарту немесе заңмен белгіленген міндеттерді орындау. Адамның әрекет қабілеттілігі оның азаматтығына да байланысты. Діни сенім бостандығы әркімге дүниеге келген кезден кепілдендірілген, бірақ Қазақстан, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар үшін әрекет қабілеттіліктің мөлшері әр түрлі, бұл азаматтардың тиісті құқықтық мәртебелерін анықтауға негіз болады.

Құқықтық субъектілік құрамына құқық пен әрекет қабілеттілігінен басқа деликтіге қабілеттілік те кіреді, бұл адамның өз әрекеттері үшін немесе белгілі бір талаптарды бұзғаны үшін жауап беру қабілетін білдіреді. Діни сенім бостандығы саласында деликтіге қабілеттілік, әдетте, діни негізде туындайтын құқық бұзушылықтармен байланысты. Мұндай әрекеттер (бұзушылықтар) діни алауыздықты немесе араздықты қоздыру немесе тұтату, діни артықшылықты насихаттау, белгілі-бір дінге тиесілік белгісі бойынша еңбек құқықтарын кемсіту, қорлау, жала жабу, сол негіздер бойынша диффамация және т.б. болуы мүмкін. Дін белгілі — бір дінді оқыту, ғибадат негізінде әлеуметтік қауымдастықтың қайнар көзіне айналып, басқа діндер негізінде ұйымдастырылған қауымдастықтар арасындағы бәсекелестік пен күреске әкелуі мүмкін.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, Қазақстан заңнамасында репрессивті қағидаттардың күшеюі және діни бостандық саласындағы заңсыз әрекеттер үшін жауапкершіліктің күшеюі байқалады. Діни экстремизм проблемасын тек нормативтік-құқықтық реттеу құралдарымен ғана шешу мүмкін емес, діни бірлестіктердің қызметін бақылау мен қадағалаудың бүкіл жүйесін, кінәлі адамдарды анықтау мен жауапкершілікке тарту механизмін дәйекті түрде жетілдіру талап етіледі. Сонымен бірге діни белсенділік феномені жайында ұмытпау керек: дінге қатысты қатандық тек стратегияда ғана емес, практикада да күмәнді нәтижелер береді, қудалаулар дінді нығайтуға ғана ықпал етеді.

Талқылаулар

Жеке тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесінің маңызды құрылымдық элементі адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері институты болып табылады, оны жеке тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесінің өзегі деп атайды. Кейде заңнамада құқықтық мәртебені реттеу жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарымен тең дәрежеде жүзеге асырылатындығына байланысты осы құқықтық институттарды сәйкестендіру орын алады.

Діни сенім бостандығы жеке тұлғаның басқа конституциялық құқықтарымен, бостандықтарымен және міндеттерімен тығыз байланысты, барлық құқықтар өзара байланысты және шартталғандықтан, құқықтар мен бостандықтар кешені әмбебап, объективті, таңдамалы емес және бөлінбейді, бұл адам болмысының барлық жақтары бір және байланысты болғанмен бірдей.

Діни сенім бостандығының ар-ождан бостандығымен, ой мен сөз бостандығымен, жеке адамның қадір-қасиетіне, өз пікірін білдіру бостандығымен, оның ішінде ақпарат алу құқығымен, сондай-ақ білім алу құқығымен, бірігу құқығымен, еңбек құқығымен, мемлекеттің конституциясы мен заңдарын сақтау міндетімен өзара байланысы қадағаланады.

Заң әдебиетінде жеткіліксіз дамыған мәселе діни сенім бостандығының жеке тұлғаның қадір-қасиеті құқығымен өзара әрекеттесуі болып табылады. «Адамның қадір-қасиеті идеясы даралықтың күрделі тұжырымдамасымен байланысты. Ол жеке тәуелсіздік пен жауапкершілікті көрсететін бірегейлік пен қайталанбастықты мойындауды қамтиды» [4; 101]. Қадір-қасиет деп адамның өзінің жеке пікіріне және басқалардың бағалауына қарамастан, тұлғаны ең жоғары құндылық деп тану. Қадір-қасиет абыроймен бірдей емес, абырой адамның жағымды моральдық беделін, оның еңбегін мойындауды білдіреді, сондықтан қоғам оның қадір-қасиетін ғана емес, абыройын да қорғайды. «Әркімнің ешкім оның қадір-қасиетін төмендетпейтініне және оның абыройына нұқсан келтірмейтініне құқығы бар» [4; 105]. Діни сенім бостандығы мен жеке басының қадір-қасиетіне деген құқықтың арақатынасы адамға өзінің конфессиялық көзқарасы немесе діни наным-сенімдері негізінде қатыгез қарым-қатынас жасағанда және басқа ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер жасағанда анықталады. Сондай-ақ жеке тұлғаның қадір-қасиетін діни сенімі бойынша қол сұғушылықтан конституциялық қорғау жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияларға құқықты қамтамасыз етумен тығыз байланыста болатынын ескеру қажет [5; 17].

Өзінің ұжымдық аспектідегі діни сенім бостандығын реттейтін нормалар конституциялық бірлестік құқығын жүзеге асырумен тығыз байланысты. Субъективті құқық ретінде бірігу құқығы әр түрлі бірлестіктерді, соның ішінде діни бірлестіктерді құруда өз нәтижесіне ие [6; 1993]. Егер діни бірлестіктер қызметінің бостандығы қамтамасыз етілмесе, онда ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығы толық көлемде кепілдендірілмейді. Сондықтан діни бостандықты ұжымдық принциптер арқылы адамның рухани өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін бірлестік құқығын іске асырудың өзіндік формасы деп атауға болады.

Нақты құқықтық қатынастар шеңберінде діни сенімнің конституциялық бостандығымен тығыз өзара іс-қимыл жасайтын конституциялық міндеттер іске асырылады. Мысалы, мемлекет конституциясы мен заңдарын сақтау міндеті оның дамуының барлық кезеңдерінде конституциялық заңдылықтың қажетті элементі болып табылатын заңдық нұсқауларды сақтаудың жалпы талабы болып табылады [7]. Қоғам мен мемлекет талаптарының жүйесі ретінде заңдылықты сақтау дінге сену бостандығын қорғаудың негізгі шарты болып табылады. Заңдылық принципіне сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясының мақсаттары мен іс-әрекеттері конституциялық құрылымның негіздерін күштеп өзгертуге және мемлекет тұтастығын бұзуға, қарулы құрылымдар құруға, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктердің құрылуы мен қызметіне тыйым салады.

Осылайша, рухани-адамгершілік мұраттар мен құндылықтарға сену мәселелерінде жеке тұлғаның жеке бостандық аясын анықтай отырып, діни сенім бостандығы, бұл мәселелерде тұлғаның өзін-өзі анықтауға кепілдік береді, бұл бірқатар басқа конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырудың ерекшеліктерін жүктейді: жеке басының қадір-қасиеті, сөз бостандығы, ақпарат тарату құқығы, білім алу құқығы, еңбек ету және демалу құқығы, мемлекет конституциясы мен заңдарын сақтау міндеті, әскери борышы (әскери қызметтен бас тарту және оны баламалы азаматтық қызметке ауыстыру құқығы). Адамның конституциялық-құқықтық мәртебесінің құрылымдық элементтерін адамның діни сенім бостандығымен жүзеге асыруына байланысты қарастыруы осы

бостандықты жүзеге асырудың конституциялық-құқықтық механизмін толығырақ ашуға және оны жүзеге асыру дәрежесіне әсер ететін жағдайларды анықтауға мүмкіндік берді.

Қорытынды

Өз ұлттық бірегейлігін қалыптастырып жатқан мемлекеттегі діни сенім бостандығы туралы сөз қозғай отырып, ұлттың тарихи-мәдени тұрғыда қалыптасқан дінін және ұлттың өз болмысын сақтап қалу мәселесі назардан тыс қалмауы тиіс. Жалпы қоғамымызда адамдардың дәстүрлі емес, тіпті ресми түрде тіркелген конфессияларды тұтынуына теріс көзқарас қалыптасқаны жасырын емес. Қоғамда адамның мемлекетке көзқарасы түзу болса және ол заңдарды сақтаса, оның діни ұстанымы мемлекет үшін маңызы жоқ деген пікірлер жиі айтылады. Біздің ойымызша бұл қате пікір. Қазірдің өзінде Қазақстанда прозелитизммен белсенді айналысатын діни ағымдардың ұстанушылары титулдық ұлт үшін қандай да бір діннің «дәстүрлігін» дәлелдеуге талаптанған және елдің тарихының балама нұсқаларын жасанды құрастырып, таратып жатқандығын көріп жүрміз. Осындай себептерден ұлттық ой-сананың қарама қайшылығы пайда болады. Басқаша айтқанда, мәселелер жиынтығы белгілі бір деңгейге жеткенде діни үдерістер дін шеңберінен шығып кетеді. Сондықтан, кез келген тіпті ең дамыған зайырлы мемлекеттің бұған селқос қарауына құқығы жоқ. Бірақ жоғарыда айтып өткеніміздей бұндай құбылысты тыйымдар мен шектеулермен ғана тыю мүмкін емес, керісінше елдің діни сауаттылығын арттыру, ұлттық, соның ішінде тарихи сана-сезімді нығайту, халықтың өз рухани дәстүрлері мен құндылықтарына деген көзқарасын қайта қалыптастыру керек.

Жалпы ол үшін, Қазақстанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңды және оған қосымша нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және бұл нормаларды барынша ұлттық болмысқа икемдеуіміз қажет. Яғни халықаралық стандарттарды енгізу барысында ең бірінші орында елдің тарихи, ұлттық ерекшелігі ескерілуі тиіс. Қазақстан зайырлы мемлекет, ол дегеніміз дінсіздік немесе дінді терістеушілік емес, ол — мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуы, мемлекеттің дінге деген ұстанымының демократиялық, құқықтық сипатта болуы және діни сенім бостандығының қамтамасыз етілуі. Гуманистік құндылықтар, ар-ождан бостандығы, дүниетанымдық еркіндік, рухани саладағы ой-сананың көптүрлілігі — осының бәрі «зайырлылық» ұғымының аясына кіреді. Зайырлы мемлекетте діннің өзіндік орны бар. Дін мемлекеттен бөлінгенімен, қоғамнан, халықтың болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен бөлінбейді. Сондықтан зайырлылық тұрғысынан алғанда дін — ішкі саясаттағы және қоғам азаматтарының рухани өмірі мен мәдениетіндегі аса маңызды факторлардың бірі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, бізде діни сенім бостандығына қатысты құқықтық нормаларды әлі болса жетілдірудің қажеттілігін көреміз. Атап айтқанда адамның конституциялық міндеттері мен оның жеке діни сенімінің арасында қайшылықтарды шешудің жолдары заңды нақты көрініс табуы қажет. Сонымен қатар заңда кәмілет жасына толмаған азаматтардың діни сенім бостандығын сақтаудың мәселелеріне айрықша назар аудару керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [Электрондық ресурс]. // Кіру режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#pos=3;-44.
- 2 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>.
- 3 «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы (2020.15.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31067812.
- 4 Дьюрем У.К. Свобода религии: модель США // Мировой опыт государственно-церковных отношений / У.К. Дьюрем / под ред. Н.А. Трофимчука. — М.: Изд-во РАГС, 1998. — 305 с.
- 5 Rustembekova, Dinara. Functions of legal guarantees of the rights and freedoms of human and citizen // Bulletin of the Karaganda university. Law series. — 2018. — № 4(92). — P. 15–20.
- 6 Ilyassov, Kainar; Bozhkarauly, Altay; and Rustembekova, Dinara. Constitutional and Legal Support of Religious Freedom // Journal of Advanced Research in Law and Economics. — 2018. — Volume IX. — Iss. 6(36). — P. 1986–1997. DOI: [https://doi.org/10.14505/jarle.v9.6\(36\).00](https://doi.org/10.14505/jarle.v9.6(36).00).
- 7 Зайцев И.А. Особенности регламентации права на свободу совести и вероисповедания в Конституции Российской Федерации и конституциях ряда зарубежных стран / И.А. Зайцев. [Электрондық ресурс] // Кіру режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-reglamentatsii-prava-na-svobodu-sovesti-i-veroisповедaniya-v-konstitutsii-rossiyskoj-federatsii-i-konstitutsiyah-ryada>.

К.Т. Ильясов, Д.К. Рустембекова

Конституционно-правовые основы свободы вероисповедания в Республике Казахстан

Цель статьи — проанализировать конституционно-правовые основы свободы вероисповедания личности; найти пути решения вопросов обеспечения прав личности; сопоставление национальных правовых норм и международно-правовых норм, принятых в Республике Казахстан, для обеспечения свободы совести. Авторами предложены нормы, обеспечивающие социальную стабильность, в изучении вопросов свободы вероисповедания и защиты национальных интересов. Подробно рассмотрены способы защиты прав человека по поставленной проблеме с использованием исторических, сравнительных методов исследования. В целом, религия — очень сложное явление и затрагивает все сферы общества, поэтому при изучении данного вопроса следует принимать во внимание принятые нормы. Сегодня эпоха глобализации и, соответственно, растущей угрозы международного религиозного экстремизма и терроризма, в которой предотвращение опасных религиозных движений в стране останется одним из наиболее актуальных вопросов национальной безопасности.

Ключевые слова: свобода вероисповедания, права человека, национальная безопасность, правовой статус личности.

К.Т. Ilyassov, D.K. Rustembekova

Constitutional and legal foundations of freedom of religion in the Republic of Kazakhstan

The purpose of the article is to analyze the constitutional legal basis of individual freedom of religion. One of the objectives of the study was to find ways to address the issues of ensuring the rights of the individual, comparing the national legal norms and international legal norms adopted in the Republic of Kazakhstan to ensure freedom of conscience. At the same time, we have proposed norms that ensure social stability by studying the issues of freedom of religion and the protection of national interests. The article discusses in detail the ways to protect human rights on the issue raised using historical, comparative methods of research. In general, religion is a very complex phenomenon and it affects all spheres of society, so when considering the issue of religion, especially when considering the issue of individual religious beliefs, national interests, security issues should not be neglected and adopted norms should take into account this issue. Today is the era of globalization and, accordingly, the growing threat of international religious extremism and terrorism, in which the prevention of dangerous religious movements in the country will remain one of the most pressing issues of national security.

Keywords: freedom of religion, human rights, national security, legal status of the individual.

References

- 1 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiiasy 1995 zhylygy 30 tamyz (2019.23.03. berilgen ozgerister men tolyqtyrularmen) [The Constitution of the Republic of Kazakhstan] *online.zakon.kz* Retrieved from: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#pos=3;-44 [in Kazakh].
- 2 Adam quqyqtarynyn zhalpyga birdei deklaratsiiasy. Deklaratsiia BUU Bas Assambleiasynyn rezoliutsiiasymen 1948 zhylygy 10 zheltoqsanda N 217 A (III) qabyldangan [Universal Declaration of Human Rights] *adilet.zan.kz* Retrieved from: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> [in Kazakh].
- 3 «Dini qyzmet zhane dini birlestikter turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2011 zhylygy 11 qazandagy N 483-IV Zany (2020.15.11. berilgen ozgerister men tolyqtyrularmen) [On Religious Activities and Religious Associations] *online.zakon.kz* Retrieved from: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31067812 [in Kazakh].
- 4 D'yurem, U. (1998). Svoboda relihii: model SSHA // Mirovoi opyt hosudarstvenno-tserkovnykh otnoshenii [Freedom of religions: model USA // World experience of state-church relations]. N.A. Trofimchuk (Ed.). Moscow: Izdatelstvo RAGS [in Russian].
- 5 Rustembekova, Dinara (2018). Functions of legal guarantees of the rights and freedoms of human and citizen // *Bulletin of the Karaganda university. Law series*, 4(92), 15–20 [in English].
- 6 Ilyassov, Kainar & Bozhkarauly, Altay; Rustembekova, Dinara (2018). Constitutional and Legal Support of Religious Freedom // *Journal of Advanced Research in Law and Economics*, Vol. IX, Iss. 6(36), 1986–1997. DOI: [https://doi.org/10.14505/jarle.v9.6\(36\).00](https://doi.org/10.14505/jarle.v9.6(36).00) [in English].
- 7 Zaytsev, I.A. (2018). Osobennosti rehlamentatsii prava na svobodu sovesti i veroispovedaniia v Konstitutsii Rossiiskoi Federatsii i konstitutsiakh riada zarubezhnykh stran [Features of the regulation of the right to freedom of association and religion... in the Constitution of the Russian Federation and the Constitution of the Republic of Foreign Countries] *cyberleninka.ru* Retrieved

from: <https://article/n/osobnosti-reglamentatsii-prava-na-svobodu-sovesti-i-veroispovedaniya-v-konstitutsii-rossiyskoy-federatsii-i-konstitutsiyah-ryada> [in Russian].

Букеетов университет